

Темір ауданының мүгедектері үшін жұмыс орындарында квота бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 01 ақпандағы № 12 қаулысы. Ақтөбе облысының Темір аудандық Әділет басқармасында 2010 жылдың 04 наурызда № 3-10-124 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 96 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданының әкімдігінің 14.04.2016 № 96 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабының 1) тармақшасына сәйкес, Темір аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Қаулының кіріспесі жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Темір аудандық әкімдігінің 18.11.2013 № 368 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Темір ауданының жұмыс берушілеріне жұмыс орындарының жалпы санының үш пайыз мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Өтеповке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Қаниев